

Келісемін: *Карығ*
Оқу ісін орынбасары
У.Б. КарабатYROVA
«Ал» т.б.б. 2022ж

Бекітемін:
Мектеп директоры
Б.М. Есмаханова
«Ал» т.б.б. 2022ж



«Әдебиет әлемі» үйірмесінің
жылдық жоспары

Үйірме жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Оспанова Айнагуль Кармысовна

2022-2023 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

«Әдебиет әлемі» үйірмесі 3-7 сынып оқушыларына арналған. Үйірме аптасына 8 сағат, жылына 312 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет сабақтарына қызығушылығы мен функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Әдебиет әлемі үйірмесі арқылы оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, қазақ кемеңгерлері атанған данышпан би – шешендердің шығармаларын насихаттау және тілдерін жаттықтыру, яғни ұлт шешендері шығармаларының мазмұнын аша білу болып табылады.

Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді. Оқушыларды шығармашылық ізденіс жұмыстарына баули отырып, би – шешендер мұраларын тани білуге және айшықты, әсерлі сөз қолданыстарына теориялық тұрғыдан талдау жасауға негізделген.

Сондықтан бұл үйірмеде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді.

Мақсаты:

Ұлттық асыл мұраларымызды жан-жақты таныту арқылы ұлтжанды, халқымыздың сөз өнерін, әдет-ғұрпын, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, функционалды сауатты, білімі мен білік дағдылары қалыптасқан, алған білімдерін өз қажеттілігіне қолдана білетін, ұлттық сана-сезімі оянған, сөйлеу әдебін меңгерген, ойы терең, рухани дүниетанымы бай, адамгершілігі жоғары, шығармашылықпен айналысатын тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Білімді дара тұлғаға бағдарлау (бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік, өмірлік қажеттілік);
- Тілдік білімді функционалды тұрғыдан сұрыптау;
- Оқушыны зейінді ұстау;
- Пәнаралық байланысты сақтау;
- Әрекетшілдік-бағдарлылық ұстанымы (әрекетке үйрету, оқу жағдаятындағы әрекеттен өмірлік жағдаяттық әрекетке көшу, оқу танымдық әрекеттен оқушының өзіндік әрекетіне көшу);
- Алынған білімді бекіту және өзін-өзі бақылау;
- Шығармаларды образға салып оқи білуге;
- Алған әсерлерін айшықты тілмен жеткізе білуге;
- Шығармашылық және ізденіс жұмыстарына баулу;
- Өздігінен білім алуға үйрету функциясы.

Күтілетін нәтиже:

Ұлттық асыл мұраларымызды жан-жақты таниды. Халқымыздың сөз өнерін, әдет-ғұрпын, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалай алады. Эстетикалық талғамы жоғары, функционалды сауатты, білім, білік дағдылары қалыптасқан, алған білімдерін өз қажеттілігіне қолдана білетін, ұлттық сана-сезімі оянған, сөйлеу әдебін меңгерген, ойы терең, рухани дүниетанымы бай, адамгершілігі жоғары, шығармашылықпен айналысатын тұлға қалыптасады.

Оқушының сөйлесім дағдыларын дамыту сатылап, олардың өзара сабақтастығына негізделіп жүргізіледі. Сөйтіп, негізгі деңгейдегі оқушы білімі сауаттылық дағдыларына табан тірейді де, бейіндік деңгейдегі сөз мәдениеті қалыптасады.

«Әдебиет әлемі» үйірмесінің тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№	Тақырыптың атауы	сағат саны	күні, айы	Ескерту
1-2	Өткен дағдыларын, білімін, іскерлігін еске түсіріп, қайталау	2	02-02.09	
3	А.Құнанбайұлы «Адам болам десеніз» өлеңі	1	06.09	
4-5	Мезгіл (Қыс, көктем, жаз, күз) Өлеңдер оқу.	2	06-09.09	
6-7	А.Құнанбайұлы «Қыс» өлеңі (сурет салу)	2	09-13.09	
8	Төрт түлік. Жылқы	1	13.09	
9	Отан туралы	1	16.09	
10	Мереке күндері	1	16.09	
11-12	Аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлы	2	20-20.09	
13	Достық туралы	1	23.09	
14	Менің отбасым	1	23.09	
15-16	Атамекен туралы мәтін, өлеңдер	2	27-27.09	
17	Табиғат туралы өлеңдер	1	30.09	
18-19	Ы.Алтынсарин «Өзен» өлеңі	2	30-04.10	
20	Аңыз әңгімелер.	1	04.10	
21	Асан Қайғының жер ұйықты іздеуі	1	07.10	
22	Әдеби ертегілер Ә.Тәжібаев «Толағай»	1	07.10	
23	Толағай тауы	1	11.10	
24-25	А.Байтұрсынов «Өгіз бен бақа»	1	11.10	
26	Кіріспе. Шешендік өнер тарихынан	1	14.10	
Шешендік өнер туралы түсінік				
27	Шешен сөйлеу сыры	1	14.10	
28-29	Дау шешетін дана сөздер	2	18-18.10	
30	Ұлттық шешендік өнер	1	21.10	
Түгел сөздің түбі бір...				
31-32	«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би»	2	21-25.10	
33	Аяз бидің тұмырнамасы	1	25.10	
34-35	Жиренше шешен – ақыл-парасаттың, тапқырлықтың символы	2	28-28.10	
36-37	Асан қайғы – тереңнен толғайтын сөз зергері	2	01-01.11	
38	Шығармаларының көркемдік ерекшелігі	1	04.11	
39	Асан қайғы шығармаларындағы жер-су атаулары	1	04.11	
40-41	Қазақ жыраулар поэзиясының атасы – Шалкиіз Тіленшіұлы	2	08-08.11	
42-43	Бұқар жыраудың даналық сөздері	2	11-11.11	
Би-шешендер шығармаларындағы сөз өнері				
44-45	«Бір ауыз сөзі мың ауыз сөзге татитын» Төле бидің төрелігі	2	15-15.11	
46	Төле би толғауларындағы метафора мен метонимия	1	18.11	
47-48	Дүниені дуалы аузымен бағындырған, киелі өнеріне табындырған Қазыбек бидің шешендігі	2	18-22.11	
49	Шығармаларында кездесетін аллитерация мен ассонанс	1	22.11	
50-51	Аты аңызға айналған ақыл – ой алыптарының бірі – Әйтеке би	2	25-25.11	
52	Әйтеке шығармаларындағы шендестіру	1	29.11	

53	Мәңке билің өмір құбылыстарына берген бағасы	1	29.11	
54-55	Шығармаларының көркемдік ерекшелігіне талдау	2	02-02.12	
56-57	«Аузынан гүл, көзінен от төгілген» Бөлігірік шешеннің канатты сөздері	2	06-06.12	
58	Бөлігірік шешен сөздерінің көркемдік ерекшелігі	1	09.12	
59-60	Дүниетанымы терең, түйсігі ерен, білім-білігі кемел Сырым батыр	2	09-13.12	
61-62	Досбол шешеннің тапқырлыққа суарылған сөздері	2	13-16.12	
IV тарау. Абай әлеміндегі сөз өнері				
63	Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінің тілі	1	16.12	
64-65	Жаңылтпаш айтып, жұмбақ шешіп, мақал- мәтел жаттайық.	2	20-20.12	
66-67	Халық ауыз әдебиеті	2	23-23.12	
68	Бесік жыры	1	27.12	
69-70	Төрт түлік жырлары	2	27-30.12	
71-72	Газшаның өтірік өлеңдері	2	30-03.01	
73	Жұмбақ, мақал, жаңылтпаш.	1	03.01	
74-75	Қазақ балалар әдебиеті	2	06-06.01	
76-77	Ыбырай Алтынсарин.	2	10-10.01	
78	Ұлт ұстазы-Ахмет	1	13.01	
79	Сұлтанмахмұт Торайғыров.	1	13.01	
80	Қалыр Мырза Әли	1	17.01	
81-82	Бердібек Соқпақбаев.	2	17-20.01	
83-84	Мұқағали Мақатаев	2	20-24.01	
85	Шешендік сөздер.	1	24.01	
86	Туған елім – туған жерім.	1	27.01	
87	Туған жер. Туған тілім.	1	27.01	
88	Мен елімді сүйемін.	1	31.01	
89	Отан.	1	31.01	
90	Туған жерім - ақ ордам.	1	03.02	
91	Қазақ даласы.	1	03.02	
92	Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш	1	07.02	
93	Шығыстың қос шынары	1	07.02	
94	Ол ақын болар ма еді?	1	10.02	
95	Қорытынды сабақ	1	10.02	
96	Ақжайыққа жырарнағым келеді. А.Бактыгереева.	1	14.02	
97	Ұстазыма. М.Әлімбаев	1	14.02	
98	Мен қазақтың. Ж.Молдағалиев	1	17.02	
99-100	Тарихпен тілдесу. Қ.Мырза Әли	2	17-21.02	
101-- 102	Прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу	2	21-24.02	
103-104	Поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу	2	24-28.02	

105-106	Сахнада мәнерлеп оқу, оны жүргізу әдістері	2	28-03.03	
107-108	Мәдени шаралар, оны жүргізу әдістері	2	03-07.03	
109	Мәнерлеп оқуға төселдіру жаттығулары	1	07.03	
110	Қорытынды сабақ	1	10.03	
111	Көркем тәсіл – сөз бояуы, С. Сейфуллин «Сыр сандақ»	1	10.03	
112	Поэзия! Сен менімен егіз бе едің»	1	14.03	
113	Табиғат гажайыптары саяхат сабақ.	1	14.03	
114	Жұмбақтар құрау, жинақтау	1	17.03	
115	Өлең жазуды үйрену.	1	17.03	
116-117	Мәнерлеп оқу сайсытарына қатысуға дайындық	2	21-21.03	
118-119	Менің сүйікті шығармам (өлең)	2	24-24.03	
120	«Өлең, мен сені аялап өтем!» көркемсөз оқу сайысы	1	28.03	
121	«Ешкімде ешқашанда ұмытылмайды!» эссе жазу.	1	28.03	
122	Жас ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқу.	1	31.03	
123	Жамбыл өлеңдерін мәнерлеп оқу.	1	31.03	
124-125	Аңыз адамдар.	2	04-04.04	
126-127	Ертегілер және оның түрлері	2	07-07.04	
128-129	«Керкұла атты Кендебай» ертегісі	2	11-11.04	
130-131	«Аяз би» ертегісі	2	14-14.04	
132-133	«Қырық өтірік»	2	18-18.04	
134	«Өтірік өлең»	1	21.04	
135-136	«Ақсақ құлан, Жошы хан» аңызы	2	21-25.04	

137-138	«Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу»	2	25-28.04	
139	Шығармашылық жұмыс	1	28.05	
140-141	Батырлар жыры. Қобланды батыр	2	02-02.05	
142-143	«Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызы. Туған жерің – Жерұйығың	2	05-05.05	
144-145	Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт»	2	09-09.05	
146-147	Ы.Алтынсарин «Дүние қалай өтсең табылады»	2	12-12.05	
148-149	А.Байтұрсынұлы «Егінің бастары»	2	16-16.05	
150-151	А.Байтұрсынұлы «Бақша ағаштары»	2	19-19.05	
152-153	Бердібек Сокпақбаевтың «Менің атым - Қожа» хикаяты	2	23-23.05	
154	Шығарма:Түбі адам болатын бала	1	26.05	
155	Әдеби кеш	1	26.05	
156	Қорытынды қайталау	1	30.05	

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Н.Төреқұлов. Даланың дара ділмарлары. Алматы, 2001
 2. Ай, заман – ай, заман — ай. II том, Алматы, 1998
 3. "Үш пайғамбар" кітабы
 4. М.Қожаев «Жеті жарғы». Шымкент қаласы, 1993
 5. «Сырымның шешендік сөздері» кітабы
 6. «Бес ғасыр жырлайды». I, II, III томдары
 7. Интернет материалдары
 8. Ғылыми – танымдық журналдар
 9. «Аңыз адам» журналы
 10. Баспасөз деректері
 11. Дау шешеді дана сөз. Алматы, 1996
 12. Абай. Энциклопедия. 1995
 13. М.Балақаев, Р.Әміров, Ө.Айтбаев «Сөз өнері». Алматы, 1999
- Қ.Омірәлиев. Абай афоризмі. Алматы, 1993